

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

Қолжазба құқығында

Төлеген Сұлтан Сәкенұлы

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ КЕДЕРГІСІЗ ОРТА ҚҰРУ**

«Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы
(«7M041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты) бойынша

Өңірлік даму магистрі ғылыми дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ э.ғ.д., Л.Т. Нуркатова

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2021ж.

Басқару институтының директоры: _____ э.ғ.к., Р.А.Турчекенова

Нұр-Сұлтан, 2021 жыл

МАЗМҰНЫ

Нормативтік сілтемелер.....	3
Белгілер мен қысқартулар	4
Кіріспе.....	5
Әдебиеттерге шолу.....	8
Зерттеу әдістері.....	16
Зерттеу нәтижелері және талдау.....	18
Қорытынды.....	34
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	38
Қосымшалар.....	40
Қосымша А.....	40
Қосымша Ә.....	42

Нормативті сілтемелер

Жобада келесі нормативтік сілтемелер қолданылды:

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13-сәуірдегі №39 Заңы, [Электронды ресурс]: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001282>

«Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 170 Заңы, [Электронды ресурс]: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000111>

«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

«Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.

«Мүгедектердің өмір сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 64 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 131-нқ Бұйрығы.

«Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі.

ЮНИСЕФ (2013 ж. Мүгедектігі бар балалар. Әлемдегі балалардың жағдайы, 2013. (UNICEF (2013). Children with Disabilities. The State of the world's children 2013.)

Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР	- Қазақстан Республикасы
ИДМ	- Инвестициялар және даму министрлігі
АҚШ	- Америка құрама штаттары
ЕХӘҚМ	- Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЕО	- Еуропалық одақ
БҰҰ	- Біріккен Ұлттар Ұйымы
ИБЖ	- Инклюзивті білім жүйесі
КММ	- Коммуналдық мемлекеттік мекеме
ФДСД	- (ағылш. United States Department of Health and Human Services, HHS) Федералды денсаулық сақтау департаменті
АҚШ БД	- (ағылш. United States Department of Education) Құрама штаттар Білім департаменті
SU	- (ағылш. 3D Sketch Up) 3D модельдеу
КАФ	- Кіші архитектуралық формалар
ИОА	- Инклюзивті ойын алаңшалары
ДДҰ	- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
UNICEF	- United Nations International Children's Emergency Fund - Балаларға көмек көрсететін халықаралық төтенше қор

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі мен проблемасы: Қоғамның маңызды және аса бір үлкен мәселелерінің бірі ол – мүгедектік мәселесі. Мүгедектік – бұл адамның физикалық немесе психикалық жағдайына байланысты әдеттегі функцияларды орындау қабілетін жоғалту жағдайы. Мүгедектік физикалық (мысалы, тірек-қимылы бұзылған, аяқтың жоғалуы, саңырау), психикалық (депрессия немесе жарақаттан кейінгі стресс сияқты) және ақыл-ой кемістігі болуы мүмкін. Кейбір адамдар қазірдің өзінде кейбір бұзылулармен туылады, ал басқалары апат немесе ауру салдарынан мүгедек болады. Мүгедектіктің әртүрлі дәрежелері бар: орташа деңгейден ауырға дейін, уақытша деңгейден тұрақты деңгейге дейін. Егер мүгедектер оларды қолдайтын қоғамдастықта тұрса және білім беру мен жұмысқа орналасу жағынан жақсы мүмкіндіктері болса, олардың жағдайы жақсаруы мүмкін. Дене бітіміндегі кемшілік ол әрбір кезде де болатын және қоғамға тән мәселе екендігі белгілі. Мүгедектік ол баланын ортамен қарым-қатынастарына, яғни оның қоршаған ортасына дұрыс бейімделуіне үлкен кедергісін тигізетіні сөзсіз. Мүгедек балалар үшін ата-ана мен туыстарының қолдауы әрқашан басты рөлде болатыны рас. Олардың қоғамнан шеттетілмеуі үшін олардың керек жарақтарына мемлекет тиісті көмектер мен жәрдемақы тағайындап отыр. Жас кезінен туыстарының, ата-ананың қамқорлығын көрмей өскен мүгедек бала өзін кез келген жерде қолайсыз сезініп, оның бұндай күйі психикалық тұрғыдан көптеген ауытқуларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Осы тұрғыда мүмкіндігі шектеулі балаларға қолайлы орта құру, олармен әлеуметтік жұмыс жүргізу, қоршаған ортаға бейімдеу еліміздің ұстанған саясатымен тығыз байланысты болып табылатынын айта кеткен жөн. Мүгедектікке ұшыраудың негізгі себептері тоқталсақ, біріншіден бұл ата-ананың өздерінің денсаулықтарна деген немқұрайлылық, атап айтқанда алкогольді шамадан тыс пайдалану, темекі, есірткі секілді зиянды заттарды тұтынуы, ал екіншіден ген мәселесі, бұл дегеніміз тұқым қуалау арқылы болатын құбылыс болса, үшіншіден жол-көлік, табиғи, және басқа да айтып келмейтін апаттар мен экология мәселесі. Бүгінгі күні жұмыс істеуді қажет ететін тағы бір мәселе мүмкіндігі шектеулі балалардың өз отбасынан бөлек, қоршаған ортаға әлеуметтен алмауы, бейімделу процессінің баяулығы ойландырады. Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік қызметтің мақсаты да осы бейімделу процессін жылдамдату, әркез мүгедек балалардың жағдайын бақылау, мемлекеттік заңнамалық актілерді және түрлі қолдау бағдарламаларын дұрыс тұтынуға бағыттау. Мысалы айтқанда тұрғын-үй кезегіне қоюға бағыттау, әлеуметтік құқықты қорғау, сонымен қатар инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету, өмір деңгейін көтеру, бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыру. Әлеуметтендірудің әлеуметтік-психологиялық жағдайлары іспетті мүгедек балаларды кешенді қолдау бағдарламаларын ойластыру мен оны жүзеге асырудың мәні зор. Аталған жайттарға байланысты мүгедек балаларды әлеуметтік-психологиялық қолдау тәжірибесінде олардың қоғамға дұрыс сіңісіп кете алмауына кереғар, бірнеше басты әлеуметтік қайшылықтарды атап

көрсетуге болады. Олар, мемлекетімізде мүгедек балалардың көбеюіне байланысты мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен нысанның жетіспеушілігі және мұндай балаларды әлеуметтендірудің нәтижелілігін қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлардың жеткіліксіздігі, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде бағдарламаның тиімсіздігі және мүгедек балалардың әлеуметтенуіне көмектесетін тиімді технологияларға деген мұқтаждық пен әдістемелік әзірлемелердің аздығы, мектепке дейінгі білім беру нысанында мүгедек балалардың бос уақытын өткізуге арналған ойын құралдарының аздығы мен олардың сапасының төмендігі, мамандар тарапынан көрсетілетін мейірімділіктің дұрыс ұйымдастырылуы, мүгедек балаға ыңғайлы және пайдалы ойындарының сарапталып қолданысқа түспеуі және тағы басқа. Тек шетелдік ойын терапияларды пайдаланбай өзіміздің қолданыстан шығып бара жатқан ұлттық ойынымызды қолдану арқылы оларды жаңғыртуымыз керек. Сонымен қатар көпқабатты тұрғын үй аулаларында мүгедек балаларға да тиімді етіп, инклюзивті ойын алаңшаларын қолданысқа енгізу олардың болашақта өз орнын табуы, оңай бейімделуі үшін маңызды. Міне осындай себептерге байланысты бұл тақырып өзекті болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балалардың бос уақытын өткізу кезінде ойын алаңшалары мен демалыс орындарында өздігінен жүріп-тұра алатын жайлы, қауіпсіз, кедергісіз орта құру.

Жобада қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей **зерттеу жұмысының міндеттері** алға қойылды:

- мүгедек балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда инклюзивті ойындарды пайдаланудың әлеуметтік-психологиялық аспектілерін талдау;
- мүгедек балаларды түзету жұмыстарында инклюзивті ойындарды қолдану арқылы әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетудің ерекшеліктерін анықтау;
- мүгедек балаларды ойын арқылы түзету және инклюзивті оқыту жұмыстарының әлемдік тәжірибелеріне талдау жасау;
- көпқабатты тұрғын үйлер аулаларындағы ойын алаңшаларына инклюзивті ойын құралдарын, кіші архитектуралық формаларды орналастыру тәжірибесіне талдау жүргізіп, ұсыныс енгізу.

Зерттеу әдістері: нормативті құжаттарға контент-талдау, сауалнама, сұхбат.

Зерттеудің объектісі: тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалар.

Зерттеу пәні: Шымкент қаласы мысалында көп қабатты тұрғын үй аулаларындағы мүгедек балалардың қоршаған ортаға бейімделуі үрдісін жылдам әрі сапалы өтуіне мүмкіндік беретін инклюзивті шағын архитектуралық нысандардың әсеріне әлеуметтік зерттеу.

Зерттеу болжамы (гипотеза): мүгедек балалардың бос уақытын қалыпты балалармен ойын арқылы тиімді өткізуге арналған көпқабатты тұрғын үйлер мен саябақтарда инклюзивті ойын алаңын ұйымдастырып, мүмкіндігі шектеулі

балаларды қоршаған ортаға бейімдеудің сапасын арттыру және инклюзивті қоғамды қалыптастыру.

Зерттеудің жаңалығы: жұмыстың басты жаңалығы мүгедек балалардың бос уақытын тиімді өткізуде құрылыс нормаларына толықтырулар енгізіп, көпқабатты тұрғын үй аулаларындағы ойын алаңшаларын инклюзивті ойын құралдарымен жабдықтау. Себебі қалыпты балалар мен мүгедек баланың бірге ойнауы екі тараптың да қазіргі сәтте ғана емес болашақтағы өміріне де орасан пайдалы үлесін қосуы мүмкін.

Жұмыстың кешенді іс-шаралары: Зерттеу жұмысының негізгі бөлімі Шымкент қаласындағы «Шапағат» мүгедектерді бейімдеу орталығында жүргізілетін болады. Ең алдымен ерекше балалардың ата-аналарымен жолығып зерттеу жұмысының мақсаты және міндеттерімен таныстыру. Олардан сұхбат және сауалнама түрінде зерттеуге қатысуға рұқсат алу. Алайда жұмыстың кіріспе бөлімінде, тәжірибе уақытының аздығына байланысты поляға шығу алдындағы барлау, танысу, дайындық жұмыстары 2020 жылғы 1 наурыз бен 12 наурыз аралығында Нұр-Сұлтан қаласына қарасты «Нұрлы жүрек» ерекше балаларды оңтайландыру орталығында жүргізіледі.

Жоба негізінен мүгедек балалардың қоғамда емін-еркін, қалыпты балалармен кедергісіз қарым-қатынасқа түсу, өзгенің көмегінсіз жүріп тұруға, ойнауға, серуендеуге, бос уақытты тиімді өткізуіне жағдай жасауға, жалпы басқа тараптан келемеждеу мен кемсітуге ұшырамауға, қайта қалыпты балалар мен мүгедек балалар арасында дұрыс көзқарасты мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Қоғамда тиімді әлеуметтік-экономикалық саясаттың дұрыс жүргізілуіне әсер ететін факторлардың бірі әрқез өскелең ұрпақтың денсаулығы болмақ. Қоршаған ортаның ластануы мен адамдардың физикалық іс-әрекет көлемінің тым төмендеуі, алкоголь мен психотропты заттардың көптеп қолданысқа түсуі мамандардың дабылын қақтыруға негізгі себеп болып отыр. Мұның салдары мүгедек балалардың туу көрсеткішінің жоғарылап жатқандығымен байланыстырылады.

XX ғасырдың екінші жартысынан бері адамзат баласын алаңдатып келе жатқан үрдістердің бірі денсаулығында кемістігі бар балалардың, оның ішінде туа пайда болған мүмкіндіктері шектеулі балалардың тұрақты өсуі болды. Даму кемістігінің сипаттамасына қарай мұндай балалар бірнеше санаттарға бөлінеді: ақыл-есі кем, нашар көретін және соқыр, нашар еститін және саңырау, сөйлеу қабілеті нашар, тірек-қимыл аппараты бұзылған және басқалары.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13-сәуірдегі №39 Заңына сәйкес, мүгедектік дегеніміз – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі және мүгедек – тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам [1].

Жалпы мүгедек, мүгедектік терминдеріне әлемнің көптеген психолог, әлеуметтанушы, медицина ғылымдарының докторлары жан-жақты анықтамалар беріп кеткен. Мысалы, психология ғылымдарының докторы, БҰҰ жанындағы Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының мүшесі Александр Суворов: "Мүгедектік-бұл физикалық, психологиялық, сенсорлық, әлеуметтік, мәдени, заңнамалық және басқа кедергілерден туындаған мүмкіндіктердегі шектеулер, бұл адамның қоғамға кірігуіне және қоғамның басқа мүшелері сияқты негізде отбасы немесе қоғам өміріне қатысуына мүмкіндік бермейді. Қоғам ондағы стандарттарды мүгедектігі бар адамдардың тәуелсіз өмір сүруі үшін олардың ерекше мұқтаждықтарына бейімдеуге міндетті" екенін түсіндіреді.

Қазіргі ғылымда мүгедектерді әлеуметтік оңалту және бейімдеу мәселелерін теориялық тұрғыдан түсінуге көптеген тәсілдер бар. Осы әлеуметтік құбылыстың нақты мәні мен тетіктерін анықтайтын практикалық мәселелерді шешу әдістері де жасалды.

Осылайша, жалпы мүгедектіктің әлеуметтік мәселелерін және атап айтқанда әлеуметтік оңалтуды талдау екі тұжырымдамалық әлеуметтанулық көзқарастардың проблемалық өрісінде: социоцентристік теориялар тұрғысынан және антропоцентризмнің теориялық және әдіснамалық платформасында жүзеге асырылды. К.Маркс, Э. Дюркгейм, Г. Спенсер, Т. Парсонстың жеке даму

элеуметтанулық теорияларына сүйене отырып, қоғамды тұтастай зерттеу арқылы белгілі бір адамның элеуметтік мәселелері қарастырылды. Ф. Гиддингс, ж. Пиaget, г. Тард, Э. Эриксон, Ю. Хабермас, л. с. Выготский, и. с. Кона, г. м. антропоцентристік көзқарастың негізінде. Андреева, а.в. Мудрика және басқа ғалымдар күнделікті тұлғааралық қарым-қатынастың психологиялық аспектілерін ашады .

Мүгедектікті элеуметтік құбылыс ретінде талдау проблемасын түсіну үшін э.Дюркгейм, М. Вебер, Р. Мертон, П. Бергер, Т. Лукман, П. Бурдиер сияқты ғалымдар әр түрлі жағынан зерттеген элеуметтік норма мәселесі маңызды болып қала береді.

Жалпы мүгедектіктің элеуметтік проблемаларын және мүгедек балаларды, атап айтқанда, элеуметтік оңалтуды талдау осы элеуметтік құбылыстың мәнін жалпылаудың жалпы деңгейінің элеуметтік тұжырымдамалары – элеуметтену тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылады. Мүгедек балаларды элеуметтік оңалту тек өз-өзінен ғана маңызды емес. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға кіріктіру құралы, мүгедек балаларға тең мүмкіндіктер жасау тетігі, олардың еңбектерінің элеуметтік сұранысқа ие болу маңыздылығы.

Мүгедектіктің сегіз элеуметтік тұжырымдамасын қарастырған Н.В. Васильева ұсынған мүгедектік тұжырымдамасына көзқарастар элеуметтік оңалту теориясын дамытуда маңызды болып табылады.

Құрылымдық функционалды тәсілде (к.Девис, Р. Мертон, Т. Парсонс) мүгедектік мәселелері жеке адамның нақты элеуметтік жағдайы (науқас Т. Парсонстың рөлінің моделі), элеуметтік оңалту, элеуметтік интеграция, мүгедек балалары бар отбасыларды қолдау жөніндегі элеуметтік қызметтердің қызметінде көрсетілген мүгедектерге қатысты мемлекеттің элеуметтік саясаты ретінде қарастырылады. "Мүмкіндігі шектеулі балалар", "мүгедектер" ұғымдары ұсынылды. Құрылымдық-функционалды талдау аясында Ресейлік зерттеулерде мүгедектік мәселесін Т. А. Добровольская, и. п. Каткова, н.с. Морова, Н. Б. Шабалина және т. б. элеуметтану ғылымдарының профессорлары анықтама берген.

Элеуметтік-антропологиялық тәсіл шеңберінде элеуметтік қатынастардың стандартталған және институционалды нысандары (элеуметтік норма және девиация), элеуметтік институттар, элеуметтік бақылау тетіктері қолданылады. Мүгедек балаларды белгілеу үшін мынадай терминология қолданылды: атипті балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар. Бұл тәсілді а. н.Суворов, Н. В. Шапкина және басқалар ұсынды.

Мүгедектік мәселелерін зерттеудің макро-элеуметтік тәсілі в.о. Скворцованың отандық зерттеулерінде ұсынылған в. Бронфенбернердің элеуметтік-экологиялық теориясымен ерекшеленеді. Мүгедектік проблемалары: макрожүйе, экзожүйе, мезасжүйе, микрожүйе (тиісінше, қоғамда үстемдік ететін саяси, экономикалық және құқықтық ұстанымдар; қоғамдық институттар, билік органдары; түрлі өмір салалары арасындағы өзара қарым-қатынастар; жеке адамның тікелей ортасы) ұғымдарының "шұңқыры" контекстінде қаралады [11].

Символдық интеракционализм теорияларында (Дж.Г. СІМ, Н.А. Залыгина және т. б.) мүгедектік мүмкіндігі шектеулі адамдардың осы әлеуметтік тобын сипаттайтын белгілер жүйесі арқылы сипатталады. Мүгедектің әлеуметтік "мен" қалыптасу проблемалары қарастырылады, осы әлеуметтік рөлдің ерекшелігі, мүгедектердің өзін-өзі ұстауының тұрақты қайталанатын стереотиптері және оларға деген әлеуметтік орта талданады.

Жапсырмаларды желімдеу теориясы немесе әлеуметтік реакция теориясы аясында (Г. Беккер, Э. Лемертон) мүмкіндігі шектеулі адамдарды белгілеу үшін "девианттар" ұғымы пайда болады. Мүгедектік әлеуметтік нормадан ауытқу ретінде қарастырылады, осы ауытқудың тасымалдаушыларына мүгедек затбелгі жапсырылады. Осы теория аясында белгілі бір адамның әлеуметтік проблемалары қоғамның оған деген көзқарасын зерттеу арқылы зерттеледі. Осы Әдістемелік базадағы зерттеулерде мүгедектік мәселелерін М.П. Левицкая және т. б. зерттеді [10,17].

Нәтижесінде, әлеуметтік оңалту денсаулықтың бұзылуы, дене функциясының тұрақты бұзылуы (мүгедектік), әлеуметтік мәртебенің өзгеруі (егде жастағы азаматтар, босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушылар, жұмыссыздар және басқалар), девиантты мінез-құлық (кәмелетке толмағандар, маскүнемдіктен, нашақорлықтан зардап шегетін адамдар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және т.б.) салдарынан жойылған немесе жоғалған әлеуметтік байланыстар мен қатынастарды қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені ретінде анықталады деп қорытынды жасауға болады. [2, б б.].

Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік оңалту – әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қызмет көрсетудің қазіргі заманғы жүйелерінің аса маңызды және қиын міндеттерінің бірі. Мүгедектер санының тұрақты өсуі, бір жағынан, олардың әрқайсысына назардың артуы – оның физикалық, психикалық және интеллектуалдық қабілеттеріне қарамастан, екінші жағынан, адамның құндылығын арттыру және үшінші жағынан демократиялық, азаматтық қоғамға тән оның құқықтарын қорғау қажеттілігі туралы түсінік – мұның бәрі әлеуметтік-оңалту қызметінің маңыздылығын анықтайды.

Мүгедектердің құқықтары туралы декларацияға сәйкес (БҰҰ, 1975 ж.) мүгедек – бұл туа біткен немесе жоқ болса да, оның физикалық немесе ақыл-ой мүмкіндіктерінің жетіспеушілігіне байланысты қалыпты жеке және (немесе) әлеуметтік өмірдің қажеттіліктерін толық немесе ішінара өз бетінше қамтамасыз ете алмайтын кез келген адам [12,2].

1992 жылғы 5 мамырдағы Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының 44-ші сессиясының оңалту бағдарламаларына 1185 ұсыныстарында мүгедектік физикалық, психологиялық, сенсорлық, әлеуметтік, мәдени, заңнамалық және басқа кедергілерден туындаған мүмкіндіктердегі шектеулер ретінде анықталады, бұл мүгедектігі бар адамның қоғамға интеграциялануына және қоғамның басқа мүшелері сияқты негізде отбасы немесе қоғам өміріне қатысуына жол бермейді. Қоғам өзінің стандарттарын мүгедектігі бар

адамдардың тәуелсіз өмір сүруі үшін олардың ерекше мұқтаждықтарына бейімдеуге міндетті.

1989 жылы БҰҰ заң күшіне ие Бала құқықтары туралы Мәтін қабылдады. Онда дамуында ауытқулары бар балалардың қадір-қасиетін, өзіне деген сенімділік сезімін сақтауға және олардың қоғам өміріне белсенді қатысуын жеңілдетуге мүмкіндік беретін жағдайларда толыққанды және лайықты өмір сүру құқығы бекітілген (23-бап); кемтар баланың білім беру, кәсіптік даярлық, медициналық қызмет көрсету, денсаулығын қалпына келтіру, еңбек қызметіне дайындық және демалыс құралдарына қол жеткізу саласындағы қызметтерге тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында ата-аналардың немесе балаға қамқорлық жасайтын басқа да адамдардың қаржылық ресурстарын ескере отырып, мүмкіндігінше тегін берілуге тиіс ерекше қамқорлық пен көмекке құқығы, есесіне бұл баланың әлеуметтік өмірге барынша толық тартылуына және мәдени және рухани дамуына мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ақыл-есі кем адам өз отбасында немесе асырап алушы ата-анасымен бірге тұруы және қоғам өміріне қатысуы керек деген норма ерекше мәнге ие. Мұндай адамдардың отбасылары көмек алуы керек. Егер мұндай адамды арнайы мекемеге орналастыру қажет болса, жаңа орта мен өмір сүру жағдайлары қалыпты өмір сүру жағдайынан мүмкіндігінше аз ерекшеленетінін қамтамасыз ету қажет.

БҰҰ-ның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы халықаралық пактіде әрбір мүгедектің (ересек адамның да, кәмелетке толмағанның да) дене және психикалық денсаулығының ең жоғары қолжетімді деңгейіне құқығы тіркелген. Адамның өмірлік белсенділігінің шектелуі оның өзіне-өзі қызмет көрсету, қозғалу, бағдарлау, қарым-қатынас жасау, мінез-құлқын бақылау, сондай-ақ еңбек қызметімен айналысу қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтуынан көрінеді [12].

Балалардың мүгедектігі олардың тыныс-тіршілігін едәуір шектейді, олардың дамуы мен өсуінің бұзылуы, өзінің мінез-құлқын бақылаудан айырылуы, сондай-ақ өзіне-өзі қызмет көрсету, жүріп-тұру, бағдарлану, оқу, қарым-қатынас жасау, болашақтағы еңбек қызметі салдарынан әлеуметтік бейімсіздікке әкеп соғады.

Мүгедектік мәселелерін адамның әлеуметтік – мәдени ортасынан тыс түсіну мүмкін емес - отбасы, интернат үйі және т.б. мүгедектік, адамның шектеулі мүмкіндіктері таза медициналық құбылыстар санатына жатпайды. Бұл мәселені түсіну және оның салдарын жеңу үшін әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және басқа факторлар маңызды. Сондықтан мүгедектерге – ересектер мен балаларға көмек көрсету технологиялары Әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік – экологиялық моделіне негізделген. Осы модельге сәйкес, мүмкіндігі шектеулі адамдар аурудың, ауытқудың немесе дамудың кемшіліктерінің салдарынан ғана емес, сонымен бірге физикалық және әлеуметтік ортаның олардың ерекше проблемаларына қабілетсіздігімен де функционалдық қиындықтарға тап болады [2].

ДДҰ бұл мәселені келесідей талдайды: медициналық диагностикалық аппараттармен анықталған немесе танылған құрылымдық бұзылулар кейбір қызмет түрлеріне қажетті дағдылардың жоғалуына немесе жетілмегендігіне әкелуі мүмкін, нәтижесінде "шектеулі мүмкіндіктер" қалыптасады; бұл тиісті жағдайларда әлеуметтік бейімделуге, сәтсіз немесе баяу әлеуметтенуге ықпал етеді. Мысалы, "церебральды сал ауруы" диагнозы қойылған бала, арнайы құрылғылар, жаттығулар мен емдеу болмаған кезде, қозғалуда айтарлықтай қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мұндай жағдай басқа адамдардың мұндай баламен қарым-қатынас жасай алмауымен немесе қаламауымен шиеленісіп, оның балалық шағында әлеуметтік айырылуына әкеледі, басқалармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті дағдыларды дамытуға және, мүмкін, зияткерлік саланы қалыптастыруға кедергі келтіреді.

Мүгедектер мен олардың отбасылары проблемаларының күрделілігі мен көп өлшемділігі мүгедектермен жұмыс істеудің әлеуметтік-экономикалық технологияларында, Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің қызметінде айтарлықтай дәрежеде көрініс табады. Мүгедек балалармен әлеуметтік-оңалту жұмысына тоқталайық, мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасымен жұмыстың кейбір принциптері мен бағыттарын талқылаймыз. Мұндай іс-әрекеттің ұзақ тарихы бар шетелде абилитация және оңалту ұғымдарын ажырату әдетке айналған. Абилитация-бұл адамның әлеуметтік, психикалық және физикалық дамуының жаңа ресурстарын қалыптастыруға және жұмылдыруға, қолда бар ресурстарды күшейтуге бағытталған қызметтер кешені. Халықаралық тәжірибеде оңалту деп ауру, жарақат, өмір сүру жағдайларының өзгеруіне байланысты жоғалған бұрынғы қабілеттерді қалпына келтіру деп аталады.

Әлеуметтік оңалту процесінде міндеттердің үш тобы шешіледі: бейімделу, автоматтандыру және тұлғаны жандандыру. Бұл мәселелерді шешу шын мәнінде қайшылықты және сонымен бірге диалектикалық тұрғыдан біртұтас, көптеген сыртқы және ішкі факторларға байланысты.

Әлеуметтік бейімделу мүгедекті әлеуметтік орта жағдайларына белсенді бейімдеуді, ал әлеуметтік автоматтандыру – өзіне деген көзқарастар жиынтығын жүзеге асыруды, адамның өзі туралы идеясына, оның өзін-өзі бағалауына сәйкес келетін мінез-құлық пен қатынастардағы тұрақтылық. Әлеуметтік бейімделу және әлеуметтік автоматтандыру мәселелерін шешу "бәрімен бірге болу" және "өз-өзімен қалу" қайшылықты болып көрінетін себептермен реттеледі. Сонымен бірге, әлеуметтіліктің жоғары деңгейі бар адам белсенді болуы керек, яғни ол әлеуметтік іс-әрекетке нақты дайындығын қалыптастыруы керек [13].

Әлеуметтік оңалту процесі, тіпті қолайлы жағдайларда да, біркелкі емес және ересек пен баланың бірлескен күш-жігерін қажет ететін бірқатар қиындықтарға әкелуі мүмкін. Егер біз әлеуметтену процесін баланың балалық шақтан ересектер әлеміне өтуі керек жолмен салыстыратын болсақ, онда ол барлық жерде тегіс тақталармен салынбаған және әрдайым нақты жол белгілерімен бірге жүрмейді.

Әлеуметтену проблемалары дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік рөлді игерудегі баланың қиындықтарының жиынтығы. Көбінесе бұл проблемалардың себептері баланың қоғаммен қарым-қатынас процесінде және баланың осы қатынастарға дайындығы кезінде қойылатын талаптардың сәйкес келмеуі болып табылады.

Әлеуметтік рөлді игерудегі қиындықтар көбінесе бала бұл рөл туралы хабардар болмаған кезде немесе ақпарат жалған болған кезде немесе баланың осы рөлде өзін сынап көруге мүмкіндігі болмаған кезде пайда болады (әлеуметтік сынағамалар үшін жағдайлардың болмауы).

Оңалту қиындықтары қоғамда рөлдік мінез-құлықтың "бұлыңғырлығы" бар екеніне байланысты болуы мүмкін (мысалы, сенімділік пен агрессивті мінез-құлық идеясы, ерлер мен әйелдердің өмір салты арасындағы шекаралар жойылады). Осыған байланысты, бала мезгіл-мезгілімен әлеуметтік рөлдің мазмұны туралы да, оны жүзеге асыру жолдары туралы да өзін-өзі анықтау міндетіне ие болады [14].

Лев Семенович Выготский: *«Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері»* - екендігін айтады. Сонымен қатар кез келген бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жол арқылы қалыпқа келтіруге мүмкіндік бар деді, осы мақсатта ең алдымен мүгедек балаларға әркез оқыту мен тәрбие істерін кешенді түрде жүргізіп отыру, қамқорлық көрсету керектігіне мән берген [3, 23 б.].

Сонымен қатар мүгедек балаларды әлеуметтік бейімдеу факторларының мәселесі бойынша шетелдік және отандық И.М. Тылевич, А.Я. Немцева, Н.Г. Ужegov, Б.Баймұратова, Д.А.Колоццо, Е. Букин, В.В. Радлов, В.К. Зигер, Г.Г. Грохольский және т.б ғалымдардың теориялық және әдістемелік тұрғыдан үлкен үлес қосқан ғалымдар жетерлік.

Мүгедек балалардың өмірі мен тұрмысы қай кезде болсын мемлекет тарапынан жіті бақылануға тиісті маңызды факторлардың бірі болып отыр. Олардың қоршаған ортаға бейімделуі үшін үкімет олардың жарақат ауырлығы мен мүгедектік топтарына қарай, сонымен қатар олардың асыраушысына ай сайын жәрдемақы тағайындап отыр. Дегенмен тек жәрдемақылардың берілуімен мүгедек балалардың қоршаған ортаға бейімделіп кетеді деуге келмейді. Бұл жәрдемақы баланың дәрі-дәрмегіне, тамағы мен киіміне жұмсау үшін беріледі. Сондықтан біз мүгедек балалардың өзімен қатарлас достарымен бірге көңіл көтеріп, қысылмай, ұялмай ойнап, уақытын өзі қалағандай тиімді өткізуі үшін жағдай жасауымыз керек. Ең алдымен мүгедек балалардың болашағы үшін мектепке дейінгі білім беру мекемесінде білім алуы маңызды. Бірақ тек білім алудың өзі баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуіне толық көмектеспеуі мүмкін. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ойын терапияларын ұлттық ойындармен толықтырған жөн болмақ. Екінші жағынан қазіргі сәтте ұлттық ойындардың қолданыстан шығып

бара жатқандығы тағы бар. Осындай мәселерді ескергенде ұлттық ойынымыздың тигізер пайдасының зор екендігіне көз жеткіземіз.

Дөңбаев Ә.Б. «Қазақтың ұлттық жарыстары мен ойындары дене тәрбиесі мен спортты танымал етудің құралы ретінде» еңбегінде: ұлттық ойындардың бала денсаулығына тигізер әсері жайлы қызықты деректер жетерлік. Халқымыздың құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің, ұлттық ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген іс әрекеттің, ойдың желісі бар. Бала жылдар өткен сайын ойынға алдымен үйренуші, көруші, өсе келе соған белсенді қатынасушы, келесі кезеңде үйретуші, жаттықтырушы, өсе келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Ұлттық ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдалану қажет. Кейінгі кезде ұлт ойындарында көңіл бөлу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық. Қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тай, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек- көк серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, қыз қуу, асық, хан талапай, теңге алу, орамал тастамақ, ақсүйек, күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы бойында ептілік пайда болып, тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі үйренеді. Ойын балаларға серуенде де, сабақ барысында да қажет құрал деуге болады[4, 204-206б.].

Ойын әрекетінің ғылыми негіздерін философиялық тұрғыдан қарастырған Штерн, И. Кант, К. Бюллер, К. Гросс, Бейтендейк, Клапаред, Дж. Селли, З. Фрейд, А. Адлер, К. Левин, А. Фрейд секілді ғалымдар ойын анықтамасының қалыптасуы мен дамуын, ойын әрекетінің әлеуметтік жақтарын айқындап, оның баланың ойлау қабілетіне қиялына әсер ететінін анықтаған [5, 128б.].

Мәселен, Гроостың балалаық шаққа байланысты мынадай қағидалары бар:

- Әрбір тірі жан иесі өзінің тәртібіне жалақылық беретін мұрагерлік жорамалдауға ие;

- Балалық шағы – әрбір тіршілік иесінің ата-анасының қамқорлығын талап ететін, өсіп жетілу, даму кезеңі;

- Тума реакциялар өмірдің міндеттерін, қиындықтарын орындауға жеткіліксіз;

- Балалықтың мақсаты – тума реакциялар арқылы жетілу емес, өмірге қажетті қабілеттерді өндіру, жетілдіру;

- Ойынның бастапқы көріністері туралы айтылғанда индивид іштегі түрткінің және сыртқы елеулі мақсатты айқындап, өзінің бейімдерін дамытады және бекітеді.

Бұл қағидаларға сүйенетін болсақ, «Адам бала болғаны үшін ойнамайды, керісінше, бізге балалық ойнау үшін берілетінін байқаймыз» деп, Грос ойын

қызметінің биологиялық маңызды функцияға ие екендігін көрсеткен. Алайда Гроостың бұл тұжырымдамасына келіспейтін ғалымдар да аз болған жоқ. Яғни, ойынды әрбір бала ойнауы тиіс және ойын барысында бойында кемістігі бар балалардың да ойын ойнауы міндетті дейді. Ойынның қызметі туралы айтылған Гроостың көзқарастарын Штерн келесі жағдайларға бөліп, толықтырады: кейбір зейіндер немесе қабілеттер уақытынан бұрын жетіледі, ойын ерекше инстинкт; ойын сыртқы әлемнің әсерлерімен дамып келе жатқан зейіндерді дайындау үшін қажет. Сөйтіп, Штерн ойынның шығу себебін бала өмір сүретін өмірдің тарлығынан, басқалардың кері ықпал етуінен туындайды деген ұсыныс айтты. Оның ойынша, фантазия – ойынның іске асу механизмі болып саналады [17].

К. Левин психологиялық ойындарға мынадай түсініктеме береді:

- бір жоспардың екінші жоспардың ауысуына байланысты – әртүрлі шындық кезеңдердің арқасында, үлкен адамдардың психологиялық ортасы дифференцияланады;

- балаларды шыншылдықтың әртүрлі кезеңдерінің дифференциясы үлкендердікі секілді емес, яғни олар шындықтан өзгеге жылдам ауыса алады;

- осы сәттегі негізгі ауысудың механизмі – кемшіліктерді ескертіп отыру болып табылады.

Ойынның маңызы және құрылымы ойында баланың шығармашылық қасиеттері, мүмкіндіктері, эмоционалдық көңіл-күйі және ерік-жігері бүршік атып білінеді. Бұл санасезім, ойлау процесімен тығыз байланысты болады. А.М.Горький ойын арқылы баланың дүниені танитынын айтса, А.С.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзі қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», – дейді. [5, 129-132бб.].

Көптеген шетелдік ғалымдардың көзқарастарын талдай келе мүгедек балаларды ойын арқылы қоршаған ортаға бейімдеудің рөлінің зор екендігін байқауға болады. Шопенгауер айтқандай «біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты», яғни баланың дұрыс ойнауы, таза ауада өзге балдармен қарым-қатынасқа түсу арқылы ойнауы белгілі бір қозғалыстарға алып келеді. Нәтижесінде баланың қан айналым жүйесі дұрыс қызмет атқарады, көздің көруі жақсарады, тыныс жолдары ашылып, жүрек қантамырлары белсенді қызмет атқарады. Сонымен қатар физикалық ойын арқылы шаршаған кез келген баланың ұйқысы тыныш болады. Ал бұл өз кезегінде түн ұйқысы көп бұзылатын мүмкіндігі шектулі балалар үшін таптырмас әдіс. Сондықтан мен өз жобамда мүгедек балалардың неқұрлым көп ойнап, көп қимыл-қозғалысқа түсетін, көңіл күйдің көтеріңкі болуына әсер ететін ойын құралдарының кескінін ұсыныс ретінде енгізетін боламын.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Бұл бөлімнің мақсаты – магистрлік жобаның тақырыбын зерттеуде әдіснаманы таңдауды және негіздеу.

Әрбір эмпирикалық зерттеу белгілі бір тақырыпты зерттеу және сұрақтарға жауап алу үшін деректерді қажет етеді. Зерттеудің ерекшеліктеріне байланысты қажетті деректерді екі түрлі түрге бөлуге болады: сандық және сапалық.

Жұмыста зерттеудің сапалы әдістерінің бірі ретінде әдеби ресурстарды талдау мен өңдеуді қолданылды. Біріншіден, бұл әдіс жоба тақырыбының қаншалықты танымал және зерттелгенін, осы тақырып бойынша негізгі ғылыми зерттеушілері мен сарапшыларын, әрі қарайғы жұмыстың негізгі ережелерін анықтауға, "бейімделу дағдарыстарын" анықтауға, жетілдіруге арналған ұсыныстарды негіздеуге көмектесті.

Зерттеудің сандық әдісіндегі іріктеу идеясы белгілі бір қоғамның мүшелері болып табылатын адамдарды таңдау болып табылады.

Іріктеудің екі түрі бар: ықтималды және мақсатты. Ықтималды іріктеу дегеніміз, әр өкілдің іріктеуге қатысу мүмкіндігі бар. Мақсатты үлгінің бір ішкі санаты бар-ыңғайлылықты таңдау. Үлгінің бұл түрі зерттеушіге ыңғайлы және қол жетімді өкілдерді таңдаудан тұрады [31].

Осылайша, жобадағы зерттеу тәсілінің түрі мақсатты іріктеу болып табылады. Зерттеу еліміздің әр түрлі жас топтары мен мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдер арасында жүргізілді. Мәселелерді анықтау және оның шешу жолдарын зерттеу үшін сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, тұрғындардың көп бөлігінің мүгедек балаларға деген және инклюзивті қоғамға деген көзқарастарының қалыпты екендігін айта аламын.

Сауалнама онлайн түрде өткізілді, сол арқылы басқа әдістерге немесе құралдарға қарағанда артықшылығы бар, өйткені бізге еліміздің әртүрлі өңірлерінен ақпаратты қашықтықтан жинауға мүмкіндік берді. Жауаптар жіберілгеннен кейін өте қысқа уақыт ішінде алынды. Сонымен қатар, онлайн-сауалнаманы тарату, жалпы жүргізу экономикалық тұрғыдан шығын келтірмейді. Яғни, бұл дегеніміз таңдалған әдістердің уақыт пен қаржы ресурстарын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Сауалнама 6 сұрақтан тұратын анонимді болды. Респонденттерге жетілдірудің ықтимал қажеттіліктері мен идеяларын нақтылауға мүмкіндік беру үшін ашық сұрақ қойылды. Сұрақтар оңай оқуға және оларға тез жауап беруге арналған. Сауалнама А қосымшасында ұсынылған.

Онлайн Survio анкеталық программасы арқылы тиісті жауаптарды алғаннан кейін аталған Survio құралын пайдаланып жиналған ақпаратты талдауға кірістік. Барлық жиналған деректерді сауалнамалардан қарапайым гистограммаларға, дөңгелек диаграммаларға және мәтіндік кестелерге оңай оқуға және түсінуге болады.

Алынған сауалнама мәліметтеріне сүйене отырып, зерттеудің болжамды нәтижесі іске асырылды деп санаймын, өйткені қатысқан әр қатысушының

көзқарасы бойынша ақпарат жиналды. Сауалнама ағымдағы жағдайды сипаттауға ықпал етті.

Зерттелетін тақырыптың ұқсастықтары немесе айырмашылықтарын салыстыратын салыстырмалы зерттеу әдісі біз үшін өте пайдалы болды.

Салыстыру операциялары, біріншісі - ұқсас белгілерді іздеу, екіншісі - ерекше белгілерді орнату және түсіндіру.

Салыстырмалы әдіс ең алдымен заңдар, корреляциялар, модельдер, типологиялар және классификациялар түрінде эмпирикалық жалпылауды алуға бағытталған. Белгілі бір дәрежеде салыстырмалы талдау нәтижелері сипаттамалық және иллюстрациялық болып табылады.

Жұмыста салыстырмалы әдістің бір түрі "Case-study" салыстыруды пайдаланылды, онда біз озық тәжірибесі бар және заманауи тетіктерді (АҚШ, Германия, Франция және Австрия) қолданатын елдер аясында инклюзивті оқыту, жалпы инклюзивті қоғамды қалыптастырудың қазақстандық тәжірибесін талдадық.

Халықаралық тәжірибені қарастыру ерекше әсер қалдырды және еліміздегі мүгедек балаларды қолдау, олардың бос уақытын тиім өткізуге арналған көңіл көтеру, серуендеу және ойын алаңшаларына көңіл бөлуге көмектесті. Шетелдік тетіктерді отандық жағдайлар мен инклюзия ерекшеліктеріне бейімдей отырып, Қазақстан Республикасының мүгедек балалар құқығын қорғауда жүзеге асыруға болады.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Мүмкіндігі шектеулі балалардың бос уақытын ұйымдастыру кезінде кедергісіз орта құру тақырыбындағы зерттеу жұмыстары негізгі үш кезеңнен тұрды. Алғашқы кезең – дайындық кезеңі. Бұл кезеңде ең алғаш тақырыпты таңдау үрдісі жүргізіледі. Тақырып актуалдығы жоғары, қоғамда өзекті проблемаларды қамтитын және оларды шешуге бағытталған ұсыныстарды қамтуы тиіс. Тақырып анықталғаннан кейін жобаладағы зерттеу мәселесі, объектісі, пәні, мақсаты мен міндеттері айқындалды. Бұл жұмыстар үшін шамамен 3 ай уақытты қамтыды. Міндеттер анықталғаннан кейінгі кезеңде негізгі түсініктерге анықтама берілді, жобаның болжамы жасалып, халықараралық тәжірибелерге шолу жасалды. Сонымен қатар өндірістік тәжірибеден өту орны мен зерттеу әдістері таңдалды. Жалпы дайындық кезеңі 6 айға жуық уақытты құрады (1 кесте).

Зерттеудің кезеңдері	Зерттеудің мазмұны	Мерзімі
Дайындық кезеңі	<p>Бағдарламаны құру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – мәселені анықтау – зерттеудің объектісін, пәнін, зерттеудің мақсатын, міндеттерін белгілеу – негізгі түсініктерге анықтама беру – болжам ұсыну – халықаралық тәжірибелер – сұхбатты жоспарлау, әдістер – зерттеуді жүргізуге көшу 	<p>02.03.2020ж.</p> <p>25.08.2020ж.</p>
Зерттеу кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> – сұхбат өткізу ережелерімен таныстыру – респонденттермен сұхбаттасу – ақпаратты алу және жинау – ұсыныстар енгізу 	<p>01.03.2021ж.</p> <p>28.03.2021ж.</p>
Қорытынды кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> – ұсыныстарды қарау – сұхбатты талдау – алынған ақпаратқа анализ жүргізу – зерттеудің нәтижесі жайлы 	<p>01.04.2021ж.</p> <p>15.04.2021ж.</p>

Келесі кезең негізгі зерттеу кезеңі. Бұл кезеңде өндіріс тәжірибесінен өтіп, ондағы мүгедек балалар мен ата-аналардан сұхбат және сауалнама алынды. Сонымен қатар 2020 жылғы 2 наурыздан 14 наурыз аралығында Нұр-Сұлтан қаласы Жансүгіров көшесі 12/5 мекен-жайында орналасқан Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өндірістік тәжірибеден өттім. Осы мекемеде өндірістік тәжірибеден өту кезінде мекемеде көрсетілетін қызмет түрлері, балалардың жетістіктері, терапиялық бөлмелермен танысу, және диссертациялық жұмысқа қажетті мәліметтерді жинақтау жұмыстары жүргізілді.

Алайда, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2020 жылдың 2 наурызы мен 14 наурызы аралығындағы өндірістік тәжірибе кезінде бүкіләлемдік індетке байланысты респонденттермен сұхбат өткізуге мүмкіндік болған жоқ. Тек нормативті актілерді, Заңдар мен мақалаларды оқып, оларға талдау жасалды.

Келесі өндірістік тәжірибе 2021 жылғы 22 ақпаннан 12 наурыз аралығында Шымкент қаласы Жангельдин көшесі 13А мекен-жайында орналасқан Шымкент қаласы әкімдігінің «Шапағат мүгедектерге арналған оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілді. Елімізде коронавирус індетінің алдын алу мақсатында барлық сақтық шаралары ескеріле отырып, Шымкент қаласы бойынша мүгедек балалар мен мүгедектер туралы, оларға көрсетілетін әлеуметтік қызметтер, олардың бос уақытын тиімді өткізу мен қала ішінде кедергісіз қозғалысты ұйымдастыру бойынша шаралар мен мекемеде көрсетілетін қызмет түрлері, көмек алушы мүгедектердің жетістіктері, бос уақытты тиімді ұйымдастыру, қоршаған ортаға бейімдеу жұмыстары, терапиялық бөлмелермен танысу, және диссертациялық жұмысқа қажетті мәліметтерді жинақтау жұмыстары жүргізілді. Жалпы үш аптаға созылған өндірістік практика кезінде төмендегідей жұмыстар атқарылып, қажетті мәліметтер алынды.


Біріншіден, мекемеде тәрбиеленуші мүгедек жасөспірімнен сұхбат алынды.

Екіншіден, сонда тәрбиеленіп жатқан мүгедек балалардың ата-аналарына мүгедек балалардың бос уақытын тиімді өткізудегі ойынның рөлі бағытында сауалнама жүргізілді. Сауалнама негізгі 6 сұрақтан құралып, мүгедек балалардың бос уақыт тиімді өткізудегі мәселелерді қамтыды.



1-диаграмма. – сауалнама өтушілердің жас мөлшері


Сауалнамаға жалпы саны 42 респондент қатысса, олардың ішінде 5 респонденттің жасы 18 жасқа дейінгі, 19-35 жас аралығындағы респонденттер саны 20-ны құраса, 36-60 жас аралығында 17 адамнан жауап алынды.



2-диаграмма. – сауалнама өтушілердің жынысы

Сауалнама нәтижесіне сәйкес 18 жасқа дейін 2 ер және 2 әйел адам қатысса, 19-35 жас аралығында 12 ер, 8 әйел адам жауап берген және 36-60 жас аралығында 1 ер, 17 әйел адам қатысса, 60-тан жоғарылар қатыспаған.

Сіз тұрып жатқан тұрғын-үй кіре берісі (подъезд) мүгедектер мен мүгедек балалардың өздігінен кіріп-шығуға арналған керек-жарақтармен (пандус, лифт, тактильді тратуар, брайль шрифті) жабдықталған ба?



3-диаграмма. – сауалнама өтушілердің нәтижесі


Берілген диаграммадағы «Сіз тұрып жатқан тұрғын-үй кіре берісі (подъезд) мүгедектер мен мүгедек балалардың өздігінен кіріп-шығуға арналған керек-жарақтармен (пандус, лифт, тактильді тратуар, брайль шрифті) жабдықталған ба?» деген сұраққа респонденттердің 5-і «толық қамтылмаған», 7 адам «иә» деп жауап берсе, 70%-ға жуығы, яғни 30 адам «жоқ» деп жауап берген. Бұл нәтижеден көретініміз, көп қабатты тұрғын үйде тұратын тірек-қимыл аппараты бұзылған, көзі нашар көретін, арбаға таңылған мүгедек балалар үшін өздігінен сыртқа шығудың өте қиын немесе мүлдем мүмкін еместігін байқауға болады.

Сіз тұрып жатқан тұрғын-үй ауласында мүгедек балалар мен қалыпты балалардың бірге ойнау арқылы уақыттарын қызықты өткізуіне арналған инклюзивті әткеншектер немесе кіші архитектуралық формалар қарастырылған ба?



4-диаграмма. – сауалнама нәтижесі

Келтірілген 4-диаграммадағы «Сіз тұрып жатқан тұрғын-үй ауласында мүгедек балалар мен қалыпты балалардың бірге ойнау арқылы уақыттарын қызықты өткізуіне арналған инклюзивті әткеншектер немесе кіші архитектуралық формалар қарастырылған ба?» деген сұраққа 32 респондент «жоқ» деп жауап берсе, қалған 10 респондент «иә» деп жауап берген. Яғни инклюзивті ойын алаңы дегеніміз мүгедек балалар мен қалыпты балалардың бірге ойнауына арналған ойын алаңы, сәйкесінше ойын құралдары, әткеншектері мүгедек балалар үшін де ыңғайлы болуы тиіс.



5-диаграмма. – сауалнама нәтижесі

Берілген диаграммада «Сіздің ойыңызша, қоршаған ортада қалыпты балалар мен мүгедек балалардың бірге ойнау арқылы уақыт өткізуі балалардың болашақта әлеуметтік ортаға оңай бейімделуіне септігін тигізуі мүмкін бе?» деген сұраққа респонденттердің ішінен басым көбі 36 адам инклюзивті қоғамның балалардың болашақта бейімделуін жеңілдетеді десе, 3 адам келіспеген және тағы 3 респондент «жауап беруге қиналамын» деп көрсеткен.



6-диаграмма. – сауалнама нәтижесі

Респонденттер арасында жүргізілген сауалнаманың соңғы сұрағы «Көп қабатты тұрғын үйлерде мүгедек балалар мен қалыпты балаларға арналған инклюзивті ойын алаңшаларының болғанын қалар ма едіңіз?» осы мәтінде болатын. Жауап берушілердің 39-ы «иә, қолдаймын» деп белгілеген, 2 адам «жоқ дегенге қарағанда иә» нұсқасын таңдаса, 1 адам «иә дегенге қарағанда жоқ» деп жауап берген.

Жалпы сауалнаманың негізгі мақсаты мүгедек балалардың бос уақытын оңтайлы пайдалануға, көңілдерін көтеруге қаншалықты мүмкіндіктің бар екендігін білу және оны шешу бағытында ұсыныстар беру болды. Себебі, мүгедек баланың өзге балалардың алдында өзін немесе өзгеден кемсіту байқаса оның болашақта қоғамға бейімделуіне, тұлға болып қалыптасуына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Сол үшін де әрбір адам баласы үшін балалық шақ ұмытылмас естеліктер мен болашаққа бағыт берер кез екендігін ескерсек. Әрбір арман, қиял, мақсат қоятын кез де осы балалық шақтан басталатыны сөзсіз. Алайда осындай адам баласы үшін маңызды балалық кезең елімізде бойында мүгедектігі бар баланың өз ойындағыдай өтеді ме?

Жүргізілген сауалнаманың, талдау нәтижесін ескере отырып жалпы мүгедек балалар реабилитациялық ем мен оқудан кейін қалыпты балалар секілді бос уақытын ойнап, қызықты өткізгісі келеді. Осы орайда мүмкіндігі шектеулі балалардың бос уақытын тиімді өткізуге болатын жерлерге тоқталсақ:

- Үй. Алайда таңнан кешке дейін онсызда үйде отыратын мүгедек бала үшін үйде өзі ойнау немесе әйнектен ауладағы қалыпты балалардың алаңсыз ойнап жатқанын көре тұрып бойында неге мен де өзге балалардай бола ойнай алмаймын деп күйзеліске түсуі, психологиялық соққы алуы мүмкін. Және бұл жағдай өскенде қоғамға бейімделуін баяулатады.

- Саябақ, скверлер мен арбаттар – бос уақытты тиімді өткізуге септігін тигізетін орындар. Бірақ арбада отырған немесе көзі көрмейтін мүгедек бала үшін саябақтарға бару күнделікті мүмкін бола бермейтіні түсінікті.

- Көп қабатты тұрғын үй алаңшалары. Статистикалық мәліметтер бойынша Шымкент қаласында жалпы көпқабатты тұрғын үйлерде 403 ойын алаңшалары орналасқан. Тәжірибеде алынған мәліметтерге сәйкес олардың ешқайсысында мүмкіндігі шектеулі балалардың емін еркін өзге балалармен қатар ойнауына мүмкіндік жоқ. Мүгедек бала үшін аталған 3 орынның ішінде ең тиімдісі және мемлекет тарапынан минималды шығын кететіндіктен көпқабатты тұрғын үйлердің ойын алаңшаларын инклюзивті ойын алаңшалары етіп жасау туралы жобаны жүзеге асырудың мүмкіндігі жоғары деп ойлаймын.

Инклюзивті ойын алаңшасына түсінік беретін болсақ – бұл мүгедек балалар мен қалыпты балалардың инклюзивті ойын құралдарын, әткеншектерін пайдалану арқылы бірге ойнауы (1-сурет).



1-сур. – Инклюзивті ойын құралдары, кіші архитектуралық формалар

Талдау нәтижесіндегі мәліметтерге сәйкес қазіргі таңда Шымкент қаласында **36 657** мүмкіндігі шектеулі азамат (2019 ж. – 36536) тіркелген, оның ішінде:

- бірінші топтағы мүгедектер – **3 247**(2019 ж. – 3114);
- екінші топтағы мүгедектер – **14 920**(2019 ж. – 15 540);
- үшінші топтағы мүгедектер – **12 157**(2019 ж. – 11 881);
- 18 жасқа дейінгі **6 333** мүгедек балалар (2019 ж. – 5 993) тіркелген (2-кесте).

	2016		2017		2018		2019	
	барлығы	соның ішінде 18 жасқа дейінгі балалар	барлығы	соның ішінде 18 жасқа дейінгі балалар	барлығы	соның ішінде 18 жасқа дейінгі балалар	барлығы	соның ішінде 18 жасқа дейінгі балалар
Қазақстан Республикасы	651 924	79 662	662 544	83 462	680 025	86 956	695 253	91 573

Ақмола	28 637	2 654	28 821	2 749	29 200	2 796	29 059	2 885
Ақтөбе	24 040	3 231	25 008	3 520	25 962	3 735	27 044	4 016
Алматы	68 248	8 284	67 280	8 350	68 259	8 507	68 775	8 757
Атырау	20 239	3 061	21 003	3 282	21 748	3 342	22 886	3 580
Шығыс Қазақстан	57 080	4 901	56 704	5 130	56 920	5 278	56 543	5 463
Жамбыл	42 570	5 620	43 301	5 892	44 679	6 116	45 880	6 511
Батыс Қазақстан	24 036	2 569	23 684	2 622	24 023	2 654	24 401	2 750
Қарағанды	64 329	4 965	65 552	5 058	66 845	5 110	67 763	5 291
Қызылорда	29 151	4 807	29 234	4 872	29 751	4 942	30 115	5 010
Қостанай	27 676	2 594	27 831	2 720	28 013	2 796	28 177	2 956
Маңғыстау	22 358	4 070	23 708	4 600	25 545	5 115	27 715	5 831
Павлодар	28 061	2 612	27 699	2 670	27 915	2 746	27 965	2 874
Солтүстік Қазақстан	28 194	2 097	27 397	2 081	27 268	2 100	26 944	2 172
Түркістан**)	117 392	18 434	121 663	19 194	91 001	14 331	94 128	14 558
Шымкент қаласы	-	-	-	-	35 498	5 586	36 634	5 993
Алматы қаласы	47 967	5 691	49 511	6 078	51 679	6 486	53 706	6 968
Нұр-Сұлтан қаласы	21 946	4 072	24 148	4 644	25 719	5 316	27 518	5 937

2-кесте. Өңірлер бөлінісінде тіркелген мүгедектер саны

* Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі деректері бойынша.

***) 2016-2017 жылдар басына деректер Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша.

6 333 мүгедек балалар болса соның ішінде 967 – тірек-қимылы бұзылған және қоларбаға мұқтаж балалар, 556 – көзі нашар көретін, 389 – есту бойынша кемістігі бар адамдар [21].


Алайда аталған 6 мыңнан астам мүгедектігі бар балалардың тең жартысы өздігінен жүріп, ойнай алмайтын балалар. Себебі қала бойынша 403 көпқабатты тұрғын үй аулалары болса, соның еш бірінде мүгедек балаларға ыңғайлы кіші архитектуралық формалармен жабдықталмаған.

Осы себептен мен магистрлік зерттеу жұмысымда елімізде бұрын сонды кездеспеген «Инклюзивті ойын алаңшасы» жобасы бойынша ұсыныстар бермекпін. Яғни, «Инклюзивті ойын алаңшасы» жобасы алғашқыда жаңадан құрылысы басталып жатқан көп қабатты тұрғын үйлерден бастау алатын болады. Бәрімізге белгілі кез-келген көп қабатты тұрғын үй салынғаннан кейін ол жерде балаларға арналған ойын алаңшалары орналастырылады. Алайда жоғарыда айтып кеткендей ойын алаңшалары тек қалыпты балаларға арналып жасалған, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін мұндай ойын алаңшаларындағы КАФ-тар мүлде ыңғайлы емес. Сол себепті көп қабатты тұрғын үй салу кезінде

мүгедек балалар үшін қолайлы орта тудыру, инклюзивті қоғамды қалыптастыру мақсатында «Инклюзивті ойын алаңшалары» стандарттарын заңдастыру маңызды.

Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 131-нқ бұйрығының (әрі қарай – Бұйрық) 5-тарауы Жобалау және құрылыс барысындағы жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар тарауының 64 тармағында *«Көппәтерлі тұрғын ғимараттарының аула аумағында балаларға арналған қауіпсіз ойын алаңдары қарастырылады»* делінген [18]. Яғни, бұл жерде мүгедек балалар немесе инклюзивті ойын алаңдары туралы сөз қозғалмайды. Сол себепті мемлекет тарапынан заңды талап болмайынша, құрылыс компанияларының өз қалауларымен жасамайтыны белгелі. Осы мақсатта аталған тараудың 64 тармағын *«Көппәтерлі тұрғын ғимараттарының аула аумағында балаларға арналған қауіпсіз ойын алаңдарында кемінде екі инклюзивті кіші архитектуралы формалар (КАФ) және ойын алаңына бағыттаушы тактильді тратуар қарастырылады»* деген мәтінде өзгерту енгізуді ұсынамын.

Бұл өзгеріс мемлекет тарапынан ешқандай қаржы салуды талап етпейді. Экономикалық тұрғыдан да қолайлы. Бұған дәлел ретінде қазіргі таңда көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында орналастырылған КАФ-тар мен инклюзивті КАФ-тардың бағаларына зерттеу жүргізілді (2-кесте).

 <p>«Балалар ауласы» балаларға арналған ойын кешені Бағасы – 3 536 500 тг Мүмкіндігі: қалыпты балалар</p>	 <p>Мүгедек балалар мен қалыпты балаларға арналған ойын КАФ Бағасы – (1шт) 5000\$, (1 шт<)3000\$ Мүмкіндігі: инклюзивті</p>				
 <p>«Екі орынды әткеншек»</p>	 <p>Wheelchair Childrens Handicaped Outdoor Gym Fitness Swings Purchase Qty / FOB Price:</p> <table border="1"> <tbody> <tr> <td>1-10 Pieces</td> <td>USD \$ 1,800</td> </tr> <tr> <td>100 Pieces</td> <td>USD \$ 400</td> </tr> </tbody> </table>	1-10 Pieces	USD \$ 1,800	100 Pieces	USD \$ 400
1-10 Pieces	USD \$ 1,800				
100 Pieces	USD \$ 400				

<p>Бағасы – 270 000тг Мүмкіндігі: қалыпты балалар</p>	<p>Мүгедек балалар мен қалыпты балаларға арналған «әткеншек»</p>
 <p>«Рульді карусель» Бағасы – 356 700 тг. Мүмкіндігі: қалыпты балалар</p>	 <p>«Рульді карусель» Бағасы – 545 \$/ 228 000тг Мүмкіндігі: Инклюзивті</p>

3-кесте. Қалыпты және инклюзивті ойын КАФ-тарына салыстырмалы талдау.

Жоғарыда көрсетілген 3-кестеде Almeer Sport компаниясының қалыпты балаларға арналған ойын әткеншектері мен ҚХР LIYOU Industrial компаниясының инклюзивті КАФ-тарына талдау жасалды. Нәтижесінде инклюзивті кіші архитектуралық формалар мен қалыпты ойын құралдырының экономикалық тұрғыдан шамалас екенін байқауға болады, кей инклюзивті құралдар керісінше экономикалық тұрғыдан тиімдірек [20].

Сонымен қатар, маңыздылығын арттырып шығынды максималды түрде азайту мақсатында егер бірнеше көп қабатты тұрғын үйлер қатар немесе жақын орналасқан жағдайда инклюзивті ойын әткеншектерін әрбір көп қабатты тұрғын үй аулаларына емес, ортақ бір аулаға орналастыру мүмкіндігі бар. Және ол үшін жоғарыда баяндалған Бұйрықтың 5-тарауы Жобалау және құрылыс барысындағы жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар тарауының 64 тармағына *«Көппәтерлі тұрғын ғимараттарының ойын алаңшаларының арақашықтықтары жақын, көппәтерлі ғимараттар арасында автокөлік жолдары, теміржолдар, ағысы қатты арық сулары, каналдар болмаған жағдайда кемінде үш ойын алаңының біреуін инклюзивті ойын алаңын құру қарастырылады»* деген мәтінде 1) тармақша арқылы толықтырулар енгізу (2-сурет).

Және де аталған жоба іске асқан жағдайда көпқабатты тұрғын үй аулаларында орналасқан бейнекамераларды тікелей ата-аналар смартфон арқылы бақылап отыруына мүмкін жасауға болады. Яғни мүгедек баласы бар ата-ана баласының ойын алаңында не істеп жүргенін, қандай кедергілерге тап болатындығын бақылап отыра алады.



2 сур. – Инклюзивті ойын алаңшаларын бірнеше көпқабатты тұрғын үй ауларының арасына орналастыру

Инклюзивті ойын алаңшаларының кемшілігіне қарағанда пайдалы тұстары айтарлықтай көп. Ең алдымен бұл жоба қоғамымызда инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға оң әсер етеді. Болашақ балалық кезден бастау алатындықтан әрбір бала оның әлеуметтік, физикалық статусына қарамастан бірдей көмек алуға, теңдей сапалы өмір сүруге құқылы. Сондықтанда аталған жобаның іске асу мүмкіндігінің бар екендігіне кестеде келтірілген талдаудан көруге болады (3-кесте).

№	Артықшылығы	Кемшілігі
1.	Инклюзивті қоғамды қалыптастыруға дағдылану	Қалыпты балалардың мүгедек балаларды алғаш көргендегі психологиялық күйзеліске ұшырауы
2.	Мүгедек балаларды қоғамға эмоционалды-психологиялық тұрғыдан бейімделуінің жеделдеуі	Елімізде инклюзивті шағын архитектуралық нысандар мен ойын құралдарын шығаратын кәсіпорынның болмауы
3.	Қалыпты балалар тарапынан мүгедек балаларға деген оң көзқарастың қалыптасуы, қоғамнан шеттетілмеуі	Ата-аналардың қарсылығы
4.	Мүгедек балалардың физикалық қозғалысқа жиі түсуі	

5.	Сандық жүйе (смартфон, ноутбук, бейнекамера) арқылы ата-аналардың үнемі бақылауы	
6.	Экономикалық тұрғыдан тиімділік	
7.	Мемлекетке қоғам тарапынан қолдау	

3-кесте. – Инклюзивті ойын алаңдарының артықшылығы және кемшілігі

Инклюзивті қоғамды қалыптастырудағы тағы бір мәселе инклюзивті білім беру жүйесін жандандыру. Осы мақсатта шет мемлекеттердегі инклюзивті білім берудің тәжірибелеріне талдау жасасайтын болсақ, шамамен 1970-ші жылдардан бастап әлемнің бірқатар елдерінде мүгедектердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін нормативтік актілер пакеті әзірлеу және енгізу жүргізіле бастады. АҚШ пен Еуропаның қазіргі білім беру саясатында бірнеше тәсілдер дамыды, соның ішінде: білімге қол жетімділікті кеңейту (widening participation), мейнстрим (mainstreaming), интеграция, инклюзия тәсілдері қолданысқа түсе бастады [25].

Ерекше білім алуды қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту мен тәрбие беруіне әр кез мемлекет тарапынан ерекше мән беріліп келеді. Соған қарамастан кемшіліктер, осы күнге дейін нақты шешімін таба алмаған мәселелер де аз емес.

Жалпы білім беретін мектептерде қалыпты оқушылармен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналды. Әлемнің дамыған елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты, ақауы жоқ балалармен бірге оқытуға біршама деңгейде көңіл бөлінеді және ол жерде елеулі тәжірибелер жинақталған. Біздің отандық жалпы мектепке ейінгі білім беретін мекемелердің іс – тәжірибесі үшін инклюзивті біріктіру білім саласындағы жаңалық деп бағалануы әбден мүмкін. Бұл дегеніміз еліміздегі білім беретін балабақшалардың, мектептердің іс– тәжірибесінде инклюзивті оқыту жан-жақты зерттеуді талап етеді деген сөз. Дей тұра жалпы орта білім беретін мектептерде инклюзивті оқытуды бірнеше мәселелері теориялық тұрғыдан да, тәжірибе жүзінде де шешімін таппай отыр. Сол себепті қазіргі кезде орта білім беретін мектептерде мүгедек балаларды инклюзивті оқыту қажеттілігі мен оның технологиясының жасалмағандығы, педагогикалық ерекшеліктерін айқындамағандығы қайшылықты туындатады. Бұл қарама-қайшылық білім беретін жалпы мектептерде қосып оқытудың педагогикалық ерекшеліктері неде деген сұрақты туындататын мәселені тұжырымдауға мүмкіндік жасайды [26].

Қазіргі уақытта әлемнің әртүрлі елдері мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда белгілі бір тәжірибе жинады. Еуропа елдеріндегі инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың негізгі модельдерін қарастыратын болсақ.

Шетелдік зерттеушілердің анализдеріне, халықаралық конференциялардың материалдарына, ғылыми шолуларға, нормативті-әдістемелік құжаттарға сәйкес Интеграция жолына түскен елдердің қоғамдық-саяси және экономикалық қатынастары, барлық балалардың әлеуметтік интеграциялануы үшін сапалы білім алуы үшін тең жағдайлар жасауда бай тәжірибе жинақталғандығын дәлелдейді.

Десе де, дамыған елдерде инклюзивті білім берудің жаңа модельдерін, оның ішінде орта кәсіптік білімді іздестіру белсенді жүріп жатыр. Сонымен қатар, мүгедектер мен мүгедектерді оқытуды ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін дамыту барлық білім беру процестерін модернизациялаудың қозғаушы күші ретінде қарастырылады [28].

Германия осы әлеуметтік топқа қатысты саясатын 2011 жылғы 15 маусымда Германия Парламенті бекіткен «БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын іске асыру жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары» арқылы қалыптастырады. Жоспар еңбек, білім, отбасылық саясат, көлік, бос уақыт және т.б. салалардағы 200-ден астам түрлі шараларды қамтиды, осылайша Германия өзінің саясатын өмірдің барлық саласында мүмкіндігі шектеулі адамдарға негіздейді.

Неміс тәжірибесі көрсеткендей, инклюзия балабақшада, бастауыш мектепте сәтті. Орта сыныпта, оның ішінде кәсіптік білім беру ұйымдарында қиын. Білім беруді енгізудегі қиындықтардың себебі білім мазмұнының күрделілігі, сонымен қатар мүгедектігі бар балалар арасындағы айырмашылықтың жас ерекшеліктерімен салыстырғанда өсіп келе жатқандығы және балаларға мамандандырылған қолдау қажет.

Германияның ұлттық жоспарына сәйкес, 2011 жылы мүгедектігі бар жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мүгедектігі бар жастар үшін мамандандырылған оқытуға арналған 10 000-ға дейін оқу орны құрылады. Соңғы 5 жыл ішінде ауыр мүгедектігі бар 4000 жас үшін арнайы жұмыс орындары құрылған. Шағын кәсіпорындарға оларда жұмыс істейтін мүгедектердің санын көбейту және оларға қолайлы жұмыс жағдайларын жасау жұмыстары әлі де жүргізілуде [7].

Финляндияда инклюзивті білім беру заңмен бекітілген. Заңда мүмкіндігі шектеулі балалардың тірек-қимыл бұзушылықтарының сипатына қарай сараланған оқу ортасын құруды қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі жандарға мемлекеттік мектептерде интеграцияланған білім беруді қамтамасыз ететін ұлттық оқу бағдарламасына ерекше өзгерістер енгізілген. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі студенттерді, олардың ата-аналары мен мұғалімдерін сүйемелдеуді және қолдау көрсетуді ұйымдастыратын мемлекеттік білім беру және кеңес беру орталықтарының жүйесі бар. Орталық қызметкерлері орталықта ұйымдастырылған ұзақ мерзімді курстарды, қарапайым мектептер базасында қысқа мерзімді курстарды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға арналған шеберлік сыныптарын өткізеді. Тәрбиешілерге әр түрлі проблемалары бар балалармен жұмыс жасау әдісі үйретіледі.

Бұл елде инклюзивті білім беруді енгізу үшін кадрларды оқыту ұйымдастырылуда. Сонымен, Лапландия университетінде «Мұғалім білімі» арнайы курсы (60 кредит) жасалды. Бұл бағдарлама мұғалім болғысы келетін кез-келген мамандарды даярлауға арналған. Мұғалімді оқытудың негізгі принциптері: түсіндіру, инклюзивті оқыту, зерттеу.

Муниципалды деңгейде инклюзияны екі түрлі білім алушылардан (әдетте дамушы студенттер мен ерекше қажеттіліктері бар балалардан), екі мұғалімнен (кейде оларға арнайы мұғалім немесе ассистент қосылады) құрылған бір сыныпта жұмыс түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай бірлескен сыныптағы балалар саны 25 оқушыға жетуі мүмкін.

Оқушыларға келесідей қолдау көрсетіледі: мүмкіндігі шектеулі балалар тұрғылықты жері бойынша мектепке кіреді. Ондағы балалар тобымен мамандар тобы жұмыс істейді (директор, мұғалім, арнайы мұғалім, ассистент мұғалім, медбикелер). Бұл топ белгілі бір баланың проблемаларын талқылау үшін жүйелі түрде жиналады. Қиындықтар туындаған жағдайда ата-аналар мен мұғалімдер психологпен байланыса алады.

Инклюзивті білім қарапайым мемлекеттік мектептерде арнайы сыныптардың болуы түрінде де жүзеге асырылады. Мұндай арнайы сыныптарда, әдетте, ауыр немесе күрделі, аралас аурулары бар балалар оқытылады. Олармен 2 - 3 арнайы оқытушылар мен көмекшілер жұмыс істейді. Балалардың саны 10 адамға дейін. Мүмкіндігі шектеулі әр баланың жеке оқу жоспары бар. Мектеп бітірген соң оларға оқу туралы куәлік беріледі.

Мемлекеттік мектептер мұғалімдерінің басты проблемасы - инклюзивті оқыту практикасына әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігі. Финляндияда дамыған мүгедек балаларды ертіп жүрудің жаңа және перспективалы түрі - мұғалімдердің өзара әрекеттестігі, бірлесіп оқыту.

Швецияға келетін болсақ, бұл мемлекетте мүмкіндігі шектеулі балалардың жаппай мектепте оқуға құқығы заңмен бекітілген. Сонымен бірге мемлекет мұндай мектептерге әлеуметтік және қаржылық қолдау көрсетеді. Университеттерде барлық оқытушылық бағдарламаларда міндетті арнайы білім беру курстары бар. Инклюзивті ойлау негіздері барлық пәндер бойынша, барлық мұғалімдерде қалыптасады.

Қалалық деңгейде мүгедек балаларды әдеттегі қалыпты сыныпқа қабылдау практикасы бар, ал олар арнайы топпен аптасына бірнеше сағат бойы арнайы топпен жұмыс жасайды. Мұғалімдер үшін басты міндет - баланы оны тек кәдімгі сыныпта толықтай оқытылатындай етіп дайындау. Егер мектепте мүгедек баланың проблемалары болса, жағдайды зерттеу және шара қолдану үшін ауруханаға баруға дейін (ауруханаға жіберуге дейін) комиссия (педагогикалық кеңес) шақырылады. Мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын сыныптар мен топтарда 2 мұғалім жұмыс істейді.

Швецияда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың негізгі міндеттері - түсінуді және осындай білім беруді қалай жүзеге асырудың ортақ тәсілін қалыптастыру.

Норвегияда ерекше білімге мұқтаж адамдар үшін білімге қол жетімділік туралы заң бар. Сонымен қатар, мүгедек балалар үшін жекелеген санаттарға көмек көрсетуге мамандандырылған мемлекеттік орталықтар бар (ерте жастағы аутизм синдромы бар балалар, есту қабілеті, көру қабілетінің бұзылуы және т.б.).

Инклюзивті білім беруді енгізу үшін оқытушыларды даярлау университеттерде жүзеге асырылады. Болашақ мұғалімдерде инклюзивті білім беру бөлімі бар арнайы педагогика курсы оқып, тәжірибе жүзінде ЕО елдерінде инклюзивті білім беруді енгізу тәжірибесімен танысу мүмкіндігі бар.

Қалалық деңгейде инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі баланы сыныпқа қосу арқылы жалпы білім беретін мектепте жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бұл сыныпта мұғалімнен басқа көмекші жұмыс істейді, оның назары осы балаға бағытталған. Әдетте, мектептерде мұндай балалар аз: бірнеше адам, әр бала бөлек сыныпта. Орта мектепте оқитын мүгедек балаға қолдау мен жол көрсетіледі. Мектеп қандай мамандарды және қандай көлемде осындай қолдау көрсетуі керек екенін анықтайды. Егер мектепте мүмкіндігі шектеулі балада қандай да бір проблемалар туындаса, жағдайды талдау және шешім қабылдау үшін педагогикалық кеңес шақырылады. Инклюзивті білім беру жүйесін муниципалитеттер бақылайды (мектептер олардан әлеуметтік және қаржылық қолдау алады).

Норвегиядағы инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі перспективалары мүгедектігі бар балалардың әртүрлі санаттарымен түзету жұмыстарының мазмұнын тереңдетумен инклюзивті білім беруді әдістемелік камтамасыз етуді одан әрі дамытуымен байланысты.

Данияда инклюзивті білім беру тек заңмен бекітілген емес, сонымен бірге инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың ұлттық стратегиясы жасалады, бұл ұлттық ресурстық орталық инклюзивті білім беруді енгізу процесін басқаратындығында. Инклюзивті білім беру саласында зерттеулер жүргізетін, муниципалитеттердің инклюзивті білім беруді енгізу саласындағы жұмысын қадағалайтын елдің әр түрлі жоғары оқу орындарының өкілдерінен тұратын жұмыс тобы бар [5].

Инклюзивті білім беруді енгізу үшін оқытушыларды даярлау бакалавриат және магистратура бағдарламаларында жүзеге асырылады. Мұғалімді даярлауда нақты педагогикалық жағдайларды және олардағы мұғалімнің іс-әрекетін талдауға баса назар аударылады. Әр түрлі проблемалық педагогикалық жағдайлардың сипаттамасы және олар туындаған жағдайда мұғалімнің іс-әрекетін реттеуді қоса алғанда, әдістемелік ұсыныстар жасалуда. Оқу бағдарламасында колледждің барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттеріне міндетті арнайы курстар қарастырылған. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс жасаудың практикалық аспектілерін терең зерттеу мүмкіндігі бар. Егер студент осындай курсты таңдаса, осы салада қосымша мамандық алады.

Данияда ата-аналар өз балаларына тұратын жерде білім алуға жіберуге құқылы. Бұл құқық нақты білім беру мекемесімен жүзеге асырылады, ол

мұндай балаға барлық жағдай жасауы керек. Қалалық білім органдарында нақты оқушыларға қолдау көрсету үшін белгілі бір мектепке жіберілетін мамандар (психологтар, логопедтер, арнайы оқытушылар және т.б.) бар. Жалпы білім беретін мектептерде ерекше қажеттіліктері бар жеке студенттер де, осындай балалар топтары да оқиды. Осылайша, «сараланған тәсіл» инклюзивті білім беруде жүзеге асырылады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен, мектеп аптасында қосымша сабақтар өткізіледі (аудиториядан тыс). Мұндай топтарда бірдей параллельді әртүрлі сыныптағы балаларды мектеп қиындықтарын ескере отырып біріктіруге болады. Мектептерде нақты бала үшін инклюзивті білім беруді енгізу проблемаларын талқылайтын педагогикалық кеңестер құрылады. Мектеп мұғалімдері әлі күнге дейін қалыптасып келе жатқан жұмыс жүйесіне белсенді қатысады.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруді муниципалды және мектеп деңгейінде жүзеге асыру тетіктерін дамыту Данияның білім беру жүйесінде бірінші орынға шығып отыр [6].

Құрама Штаттарында әр мұғалімнің жыл сайын үздіксіз білім алуға жұмсайтын 40 сағаты бар. Егер, мысалы, бір қалада аутизммен ауыратындардың саны көбейсе, онда бес жылдан кейін мектепке келетін аутизммен ауыратын студенттер саны да артады деп болжауға болады. Бұл дегеніміз бес жыл алдын жасалған анализ болашаққа дайын болуға итермелейді. Бұдан шығатын тұжырым жергілікті федералды Денсаулық сақтау департаменті (United States Department of Health and Human Services, HHS) мен Білім департаменттерінің (United States Department of Education) тығыз қоян-қолтық жұмыс жасауы [27].

Америкадағы білім беру жүйесі қоғамның мүгедектерді қабылдау процессінде өте тиімді жұмыстар атқарды. Мүмкіндігі шектеулі жандарды сау адамдардың қабылдауы Штаттарда ойластырылған және психологиялық медиа-кампанияның арқасында өзгерді [8]. Әрбір мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жағдай жасалып, біреудің көмегінсіз қызметтерді алуға мүмкіндіктері өте жоғары. Қоғамда мүгедектер мен қалыпты адамдардың Америкалықтар үшін аса айырмашылығы жоқ. Қазақстан Республикасында мүгедектерге деген көзқарас пен сенімді, оларға жасалып жатқан жағдайға деген ынтаны АҚШ тәжірибесінен алғанымыз жөн деп үміттенім.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Мүгедек» термині қалыптасқан дәстүрге байланысты кемсітушілік идеяны білдіруі мүмкін, алайда «Мүмкіндігі шектеулі адам» ұғымы дәстүрлі тәсілде баланың әлеуметтік мәнін көрудің жетіспеушілігін айқын көрсетеді. Мүгедектік мәселесі медициналық аспектімен шектелмейді, бұл тең емес мүмкіндіктердің әлеуметтік мәселесі. Мұндай парадигма «бала – қоғам – мемлекет» үштігіне деген көзқарасты түбегейлі өзгертеді. Бұл өзгерістің мәні келесідей:

Мүмкіндігі шектеулі баланың басты проблемасы – оның әлеммен байланысы, ұтқырлықты шектеу. Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынастың кедейлігі, табиғатпен қарым-қатынасты шектеу, мәдени құндылықтарға, кейде қарапайым білімге қол жеткізудің шектелуі. Бұл проблема әлеуметтік, физикалық және психикалық денсаулық сияқты субъективті фактор ғана емес, сонымен бірге мүгедек үшін қол жетімді емес сәулет ортасының, қоғамдық көліктің, арнайы әлеуметтік қызметтердің болмауына рұқсат беретін әлеуметтік саясат пен қалыптасқан қоғамдық сананың нәтижесі болып табылады.

Мүгедектігі бар бала – қоғамның бөлігі және мүшесі, ол көп қырлы өмірге қатысқысы келеді, керек және қатыса алады. Мүгедектігі бар бала денсаулығына байланысты проблемалары жоқ құрдастары сияқты қабілетті және талантты бола алады, бірақ оның дарындарын ашуға, оларды дамытуға, қоғамға пайда әкелуге, оған тең мүмкіндіктер кедергі келтіреді. Бала әлеуметтік көмектің пассивті нысаны емес, таным, қарым-қатынас, шығармашылықта жан-жақты әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға құқығы бар дамып келе жатқан адам.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға мемлекеттік назар аудара отырып, жекелеген медициналық және оқу-тәрбие мекемелерінің сәтті дамуы, дегенмен, осы санаттағы балаларға қызмет көрсетудегі көмек деңгейі қажеттіліктерге сәйкес келмейтінін мойындау керек, өйткені бүгінге дейін оларды әлеуметтік оңалту және бейімдеу мәселелері толықтай шешілген жоқ. Мемлекет мүгедектігі бар балаға белгілі бір жеңілдіктер мен артықшылықтар беріп қана қоймай, оның әлеуметтік қажеттіліктеріне жауап беріп, әлеуметтік оңалту мен жеке даму процестеріне кедергі келтіретін шектеулерді жоюға мүмкіндік беретін әлеуметтік қызметтер жүйесін құруы керек. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудағы маңызды мәселе-балалардың мінез-құлқы мен психикалық денсаулығына әсер ететін отбасылық психологиялық механизмдерді анықтау. Көптеген отбасылар баланың әлеуметтік белсенділігін төмендететін гиперопиямен ерекшеленеді, бірақ ауру баланы айқын немесе

ашық эмоционалды қабылдамайтын отбасылар бар. Жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, мамандықты дұрыс таңдау оған қоғамға тез бейімделуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі ата-аналардың психологиялық-педагогикалық дайындығы жоғары болуы тиіс. Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімі жүйелі түрде жүргізілетін және теориялық негізделген бағдарламаны білдіреді, оның мақсаты білімді тарату, мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеу бойынша тиісті идеялар мен дағдыларды қалыптастыру және ата-аналарды тәрбиешілердің көмекшісі ретінде пайдалану.

Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білім беру бағдарламасының әдіснамалық негізі бұл отбасы, яғни баланың өзі туралы идеясы қалыптасатын орта. Онда ол өзіне қатысты алғашқы шешімдер қабылдайды және оның әлеуметтік табиғаты қай жерде басталады, өйткені отбасылық тәрбиенің міндеті-мүмкіндігі шектеулі балаға өзін-өзі бағалауды қалыптастыру және белгілі бір әлеуметтік жағдайға жету үшін сындарлы құралдарды қолданатын құзыретті адам болуға көмектесу.

Магистрлік жобада мүгедек балаларды ойын арқылы бос уақытын ұйымдастырудың отандық және шетелдік тәжірибесі талданды. Мүмкіндігі шектеулі балалармен әлеуметтік жұмыстың заманауи технологиялары қайта бағдарлауды талап ететіні атап өтілді. Алайда, қазіргі заманғы әлеуметтік қорғау жүйесі дайын емес, атап айтқанда, бұл тәжірибені белсенді енгізуге материалдық база жоқ.

Сонымен бірге, талдау нәтижесіне сәкес Шымкент қаласында мүгедек балалардың бос уақытын тиімді өткізуге бағытталған 3 қана реабилитациялық орталықтың бар екендігі анықталды. 6 333 мүгедек бала тұратын Шымкент қаласы үшін бұл өте аз. Сондықтан да зерттей келе мүгедек балалардың бос уақытын тұрғын үй ауласындағы ойын алаңшаларында өткізудің мүмкіндігі жоғары екені анықталды. Зерттеу мақсатына сай инклюзивті қоғамды қалыптастыру үшін «Инклюзивті ойын алаңшалары» атты жобаның концепциясы жасалды.

Алайда аталған жоба мүгедек баланың толық қалыпты өмірге бейімделіп кетуіне жүз пайыз кепілдік бермейтіні түсінікті. Одан бөлек қала инфраструктурасының мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайсыз екендігі анықталды. Осы орайда статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, Шымкент қаласында **36 657** мүмкіндігі шектеулі азамат (2019 ж. – 36536) тіркелген, оның ішінде:

- бірінші топтағы мүгедектер – **3 247**(2019 ж. – 3114);
- екінші топтағы мүгедектер – **14 920**(2019 ж. – 15 540);

- үшінші топтағы мүгедектер – **12 157**(2019 ж. – 11 881);
- 18 жасқа дейінгі **6 333**мүгедек балалар (2019 ж. – 5 993) тіркелген.

36 657 мүгедек азаматтардың ішінде 3 667 – тірек-қимылы бұзылған және қоларбаға мұқтаж азаматтар, 2 565 – көзі нашар көретін, 1 163 – есту бойынша кемістігі бар адамдар.

Мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылымдық нысандарға еркін кіріп-шығуына, қоғамдық көліктерге мініп-түсуіне жағдай жасау және ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етілуде.

Қолжетімділікті сапалы орындау мақсатында Шымкент қаласы бойынша ведомствалық комиссия құрылған. Комиссия қалада орналасқан және күнделікті жүріп тұруға ыңғайлы объектілерді тізім бойынша паспорттаудан өткізуді бақылайды. Қала бойынша 1 100 автобустардың ішінен тек 450 мүгедектердің қажеттілігіне бейімделген және арнайы құрылғылармен қамтылған. Алайда ол автобустардың қызметін пайдаланатын мүгедектер өте аз. Себебі, уақыттың тапшылығына орай арнайы пандустарды іске қоспайтын фактілер өте көп немесе автобус жүргізушілері олардың қолданыстан шыққандығын алға тартып, мүгедектер өзге адамдардың көмегімен ғана қоғамдық көліктерге отыруға мәжбүр.

Шымкент қаласы әкімдігінің «Шапағат мүгедектерге арналған оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өндірістік тәжірибе барысында мүгедектерге көрсетілетін қызметтермен барынша танысып, мүмкіндігі шектеулі жандармен және ондағы қызметкерлермен тілдестім. Оларды көпқабатты тұрғын үй аулаларына инклюзивті ойын алаңшаларын салу жобасымен таныстырдым. Яғни мүмкіндігі шектеулі балалар мен қалыпты балалардың бір алаңда ойнауы, бір ойын құралын қолдануы. Себебі елімізде көпқабатты тұрғын үйлерде тұратын мүгедек балалар үшін инклюзивті ойын алаңшалары қарастырылмаған. Нәтижесінде қалыпты балалар тарапынан шеттетіліп, қоршаған ортаға бейімделуде қиындықтар туғызатыны сөзсіз. Қаржылық тұрғыдан қарағанда да бұл жоба қалыпты балаларға арналған ойын алаңшаларымен шамалас.

Ұсыныс ретінде елімізде қазіргі таңда салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің барлығы Сатурн, саусақ маторикасын дамытуға арналған тақта, айналмалы Уго ойын әткеншектерімен жабдықталуы тиіс. «Шапағат мүгедектерге арналған оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі мүмкіндігі шектеулі жандармен талқылау барысында мүгедектер үшін дененің әркез қозғалыста болуы маңызды екенін атап өтті. Сондықтан арбада ғана отырмай, одан түсіп дене жаттығуларын жасауға арналған спорттық құрал-жабдықтардың болуы, денедегі қан айналымын жақсарту, ми жұмысын шапшаңдату, жүрек ауруларының алдын алуда дұрыс екендігін жеткізді.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 131-н/қ бұйрығының 5-тарауы

Жобалау және құрылыс барысындағы жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар тарауының 64 тармағында *«Көппәтерлі тұрғын ғимараттарының аула аумағында балаларға арналған қауіпсіз ойын алаңдары қарастырылады»* делінген. Яғни ол жерде мүгедек балалар немесе инклюзивті ойын алаңдары деген сөз қарастырылмаған. Нәтижесінде аталған тармаққа *«Көппәтерлі тұрғын ғимараттарының аула аумағында балаларға арналған қауіпсіз ойын алаңдарында кемінде екі инклюзивті ойын әткеншектері және екі инклюзивті спорттық воркаут құралдар қарастырылады»* деген мәтінде өзгерту енгізу ұсынылуда. Және де 64 тармаққа 1) тармақша ретінде *«Көппәтерлі тұрғын ғимараттарының ойын алаңшаларының арақашықтықтары жақын, көппәтерлі ғимараттар арасында автокөлік жолдары, теміржолдар, бала өмірі үшін қауіпті нысандар болмаған жағдайда кемінде үш ойын алаңының бірінде инклюзивті ойын алаңын құру қарастырылады»* деген мәтінде 1) тармақша арқылы толықтырулар енгізу ұсынылды.

Аталған ұсынысты қолданысқа енгізу келесідей тәртіпте жүргізіледі.

1 кезең. Мүгедек балалардың бос уақытын кедергісіз өткізуге арналған, инклюзивті қоғамды қалыптастырудың алғы шарттарын қамтитын жобаны ойлап табу.

2 кезең. Көпқабатты тұрғын үйлер ауласындағы *«Инклюзивті ойын алаңшаларының»* дизайнерлік 3D кескінін сызу.

3 кезең. Жобаның шығын мөлшеріне салыстырмалы талдау.

4 кезең. Жобаның артықшылығы мен кемшілігін анықтау.

5 кезең. Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 15 бабының *«Шығармашылық еңбегінің нәтижесінде сәулет және қала құрылысы туындысын жасаған азаматтароның авторлары деп танылады және оларға тиісінше авторлық құқық беріледі»* деген 2-тармағына сәйкес авторлық құқық алу.

6 кезең. *«Шымкент қаласы мәслихаты аппараты»* мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізу.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13-сәуірдегі №39 Заңы: [Электронды ресурс]: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001282>
2. Бизақова Ф., Мамашбаева Ш. Отбасылық дағдарыс психологиясы. – Астана: Фолиант, 2010 ж. – 6 б.
3. Выготский Л.С. Детская психология. – Санкт-Петербург: Облако, 2008. – С. 23.
4. Дөңбаев Ә.Б. Қазақтың ұлттық жарыстары мен ойындары дене тәрбиесі мен спортты танымал етудің құралы ретінде // Дене тәрбиесі және еліміздің бәсекелестік мүмкіндігі: халық ғылыми практи. конф. матер. (14-16 қазан 2010 ж.). – Алматы, 2010. – 204-206 бб.
5. Казанская К.О. Детская и возрастная психология. – Москва 2010. – С.128-132.
6. Вольская О.В., Флотская Н.Ю., Буланова С.Ю., Усова З.М. Модели реализации инклюзивного образования в современном мире // Современные проблемы науки и образования. – Архангельск, 2014. – № 6.
7. Материалы международной конференции «Инклюзивное образование: методология, практика, технология» (июнь 2011 г.).
8. Васильева, П. В. Инклюзивное образование в США // Молодой ученый. – 2018. – С. 94-96.
9. Мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау ақпараттық порталы: <https://inva.gov.kz/kk/highcharts>
10. Лурия А.Р. Об историческом развитии познавательных процессов. - М., 1974.
11. Айшервуд М.М. Полноценная жизнь инвалида. — М., Инфра-М, 2001.
12. Декларация о правах инвалидов (утв. Резолюцией тринадцатой сессии Генеральной Ассамблеи ООН 3447(XXX) от 9 декабря 1975 г.) // Текст Резолюции размещен на сервере ООН в Internet (<http://www.un.org>)
13. Фирсов М.В., Студенова Е. Г. Теория социальной работы. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001.
14. Панов А.М. Центры социальной реабилитации детей с ограниченными возможностями - эффективная форма социального обслуживания семьи и детей // Реабилитационные центры для детей с ограниченными возможностями: опыт и проблемы. -М., 2003.
15. Мошняга В.Т. Технологии социальной реабилитации детей с ограниченными возможностями / Технологии социальной работы (Под. Общ. ред. И. И. Холостовой), -М., Инфра-М, 2003.
16. V. N. Yarskaya, E. R. Smirnova, The road is how you walk on it. Social rehabilitation work with the family of an atypical child: A study guide, – Saratov: Publishing House of the Volga Federal Research Center, 1996.

17. Ахтаева Н.С., Төлеген С.С. Ұлттық ойындардың жасөспірімдердің психологиялық денсаулығына әсері. – Алматы: ҚазҰУ Хабаршысы, 2015 ж. – 128-129 б.
18. «Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 131-нқ бұйрығының 5-тарауы 64 тармағы: [Электронды ресурс]: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018810>
20. Site of creators playground equipments Liyou Industrial Co., Ltd: [electronic resource]: <https://liyouplayground.en.made-in-china.com/>
21. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы: [Электронды ресурс]: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/66/statistic/7>
22. Мурашова Е. Түзету сыныбы. – Санкт-Петербург: Самокат, 2007. – 51 б.
23. Ясина И. Человек с человеческими возможностями – Москва: Эксмо, 2010. – С.78.
24. Любимова М. Столовый этикет и сервировка стола, адаптированные для людей с нарушением зрения. – Москва: РГБС, 2018. — С. 59.
25. Коулман Дж.С., Блум Б.С. Равенство возможностей в области образования. – Вашингтон, 1966. – С. 33-34.
26. Фергюсон Д. Л., Мейер Г., Джин Чайлд Л., Джунипер Л. и Чжан Дж. Выяснение того, что делать с группировками: Как учителя делают инклюзивную "работу" для учащихся с ограниченными возможностями. – Нью-Йорк: Журнал Ассоциации лиц с тяжелыми физическими недостатками, 1992. – С. 218-226.
27. Солсбери К. Л., Паломбаро М. М., Холлоувуд У. М. О природе и изменениях инклюзивной начальной школы.– Нью-Йорк: Журнал Ассоциации лиц с тяжелыми физическими недостатками, 1993. – С. 75-84.
28. Ram S. and Puja V. Specialized, integrated and Inclusive education: Reflections. International Journal of School Psychology, 2009. – P. 12.
29. Review of the National Education Policy. Higher education and research in Moscow: "The Whole World", 2000. – P. 15.
30. Сейтенова А.С., Беккер С. М. Инвалидность в Казахстане: оценка официальных данных. Социальная защита и труд, Всемирный банк. Сборник материалов по вопросам социального обеспечения, № 0802, 2008.
31. Гидденс Э. Социология / Пер. с англ. под ред. В.А. Ядова. Москва: Эдиториал УРСС, 1999. С. 397-398.
32. Водник М. Инклюзия в вузах – реальность и перспективы. – Москва: Надежда, 2019.– С.10.

Қосымша А

Сауалнама

Құрметті респондент!

Мүмкіндігі шектеулі балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда кедергісіз орта құру үдерісін зерделеумен байланысты магистрлік жоба шеңберінде жүргізілетін зерттеу барысында Сізден сауалнамаға қатысуыңызды және бірнеше сұраққа жауап беруіңізді сұраймыз.

Сауалнама жасырын түрде жүргізіледі, жауаптр жалпыланған түрде түсіндіріледі. Сіздің жауаптарыңыз мүгедек балалардың қоршаған ортаға бейімделуі, оларға кедергісіз орта құру мақсатында инфраструктуралармен жабдықтау тетіктерін жасауда ескеріледі.

Сұрақтар:

1. Сіздің жасыңыз

18 жасқа дейін

19-35 жас

36-60 жас

60 жастан жоғары

2. Жынысыңызды белгілеңіз

Ер

Әйел

3. Сіз тұрып жатқан тұрғын-үй кіре берісі (подъезд) мүгедектер мен мүгедек балалардың өздігінен кіріп-шығуға арналған керек-жарақтармен (пандус, лифт, тактильді тратуар, брайль шрифті) жабдықталған ба?

Иә

Жоқ

Толық қамтылмаған

4. Сіз тұрып жатқан тұрғын-үй ауласында мүгедек балалар мен қалыпты балалардың бірге ойнау арқылы уақыттарын қызықты өткізуіне арналған инклюзивті әткеншектер немесе шағын архитектуралық нысандар қарастырылған ба?

Иә

Жоқ

5. Сіздің ойыңызша, қоршаған ортада қалыпты балалар мен мүгедек балалардың бірге ойнау арқылы уақыт өткізуі балалардың болашақта әлеуметтік ортаға оңай бейімделуіне септігін тигізуі мүмкін бе?

Иә

Жоқ

Жауап беруге қиналамын

6. Көп қабатты тұрғын үйлерде мүгедек балалар мен қалыпты балаларға арналған инклюзивті ойын алаңшаларының болғанын қалар ма едіңіз?

Иә, қолдаймын

Жоқ дегенге қарағанда, иә

*Иә дегенге қарағанда, жоқ
Жоқ, қолдамаймын
Өз ұсынысыңыз*

Қосымша Ә

Аналитикалық талдау

Жоба авторы: Төлеген С.С.
Ғылыми жетекші: Нуркатова Л.Т.

Жоба идеясы	Мүмкіндігі шектеулі балалардың бос уақытын ұйымдастыру кезінде кедергісіз орта құру
Проблемалық жағдай (кейс)	Қоғамның маңызды және аса бір үлкен мәселелерінің бірі ол – мүгедектік мәселесі. Мүгедектік – бұл адамның физикалық немесе психикалық жағдайына байланысты әдеттегі функцияларды орындау қабілетін жоғалту жағдайы. Осы орайда елімізде мүгедек балаларды қоршаған ортаға бейімдеуде біршама қиындықтар тууда. Атап айтқанда қалыпты балалармен ойын арқылы уақытын тиімді өткізу мүмкіндігінің болмауы, өзге балалар тарапынан қолдауды сезінбеуі, еліміздегі инклюзивті қоғамның әлсіздігі, мүгедектердің өздігінен жүріп-тұруға арналған инфраструктураның төмен деңгейі - мүгедек баланың қоршаған ортаға әлеуметтенуіне үлкен кедергі келтіруде.
Мәселелердің қазіргі кезде қолданыстағы шешімдері	Мүгедек балаларды оңалту орталықтары Артықшылықтары: 1. Мүгедек балаларға арнайы мамандар (логопед, психолог, сурдолог, фитнес тренер, диетолог, әлеуметтік қызметкер) тарапынан көрсетілетін индивидуалды бағдарламалар. 2. Мүгедек балалар үшін қауіпсіз орта. 3. Ата-ана үшін ыңғайлылық. Себебі 9:00-18:00 аралығында жұмыс жасайтын оңалту орталықтарына мүгедек баланы жіберу арқылы, ата-аналардың жұмыс

	<p>жасауына, өз ісімен айналысуына мүмкіндік туады.</p> <p>4. Мемлекеттік оңалту орталықтарында көрсетілетін қызметтер тегін болуы.</p> <p>Кемшіліктері</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Инклюзивті қоғамнан алшақтық, яғни оңалту орталықтарында қалыпты балалармен бірге жұмыс жүргізілмейді. 2. Серуен үшін шектеулі уақыт. 3. Жеке меншік оңалту орталықтарының бағаларының тым қымбаттылығы.
<p>Мәселелерді шешудегі ұсыныстар</p>	<p>«Инклюзивті ойын алаңшасы»</p> <p>Мүмкіндіктері</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мүгедек балаларды қоғамға эмоционалды-психологиялық тұрғыдан бейімделуінің жеделдеуі. 2. Қалыпты балалар тарапынан мүгедек балаларға деген оң көзқарастың қалыптасуы, қоғамнан шеттетілмеуі. 3. Мүгедек балалардың физикалық қозғалысқа жиі түсуі. 4. Қолжетімділік. 5. Сандық жүйе (смартфон, ноутбук, бейнекамера) арқылы ата-аналардың үнемі бақылауы. 6. Мемлекет үшін экономикалық тұрғыдан тиімділік. 7. Инклюзивті қоғамды қалыптастыруға дағдылану <p>Тәуекелдер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қалыпты балалардың ата-аналарының қарсылығы 2. Қалыпты балалардың мүгедек балаларды алғаш көргендегі психологиялық күйзеліске ұшырауы, тұлғалық қақтығыстар. 3. Инклюзивті ойын алаңшаларына қажетті шағын архитектуралық формаларды шығаратын кәсіпорындардың болмауынан жобаның іске асу мерзіміне

	теріс әсер етуі.
Күтілетін жағдай	<p>Инклюзивті ойын алаңшаларының кемшілігіне қарағанда пайдалы тұстары айтарлықтай көп. Ең алдымен бұл жоба қоғамымызда инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға оң әсер етеді. Болашақ балалық кезден бастау алатындықтан әрбір бала оның әлеуметтік, физикалық статусына қарамастан теңдей сапалы өмір сүруге, бақытты балалық шақ пен қоғамдық ортаға жылдам бейімделуге мүмкіндік береді. Тғындаушы мемлекет концепциясын қалыптастыруға тигізетін септігі. Жоба оң нәтиже берген жағдайда, Орталық Азия мемлекеттері нарығына «Инклюзивті ойын алаңшасы» жобасын ұсынуға мүмкіндік туындайды.</p>
Әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 131-нқ бұйрығының 5-тарауы 64 тармағы: [Электронды ресурс]: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018810 2. Мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау ақпараттық порталы: https://inva.gov.kz/kk/highcharts 3. Бизақова Ф., Мамашбаева Ш. Отбасылық дағдарыс психологиясы. – Астана: Фолиант, 2010 ж. – 6 б. 4. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13-сәуірдегі №39 Заңы: [Электронды ресурс]: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001282 5. Site of creators playground equipments Liyou Industrial Co., Ltd: [electronic resource]: https://liyouplayground.en.made-in-china.com/